

Астана қаласы
МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Педагогикалық кеңесінің
№2 хаттамасы

Жиналыс төрайымы : *Г.Б. Мырзагулова*
Хатшы: *К.М. Тасболатова*

Күні: 28.11.2025 жыл

Қатысқаны: 46

Қатыспағаны: 2

Өткізу форматы: офлайн

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысушылар: Балабақша әкімшілігі, педагогтер, хатшы.

Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру»

Мақсаты: Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт – бағдар беру»

Күн тәртібінде

1. «Біз-біргеміз, берік-іргеміз» тренинг
Балабақша психологі С.М.Слямова
2. Инклюзивті білім беру және ЕББҚ балалар жайында жалпы мәлімет.
Балабақша психологі А.А. Карина
3. «ЕБҚ бар балалардың танымдық дамуын түзетудегі тиімді әдістер»
Балабақша логопеді Э.О. Аринова
4. «Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен дұрыс қарым-қатынас құру мәдениеті, ортаға бейімделу және әлеуметтендіру»
Педагог-ассистент К.М.Тасболатова
5. «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке білім беру жоспарын құру, диагностика, АВА сабақтар»
Педагог-ассистенттер А.Ж Магзумова, А.Е.Жикеева
6. «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды көрнекілік арқылы оқыту: визуалды кесте, PECS карточкалары, чек-лист, жетон»
Педагог-ассистенттер С.Д. Кенжеева, А.А. Балабаева, А.Т.Сабыр
7. Өртүрлі мәселелер.
Балабақша меңгерушісі Г.Б.Мырзагулова

Балабақша әдіскері Ж.Жаркенова екінші педагогикалық кеңестің тақырыбымен, мақсатымен және жұмыс жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырып өтті. Әдіскер өз сөзінде алдағы кеңестің мазмұндық ауқымын, оның білім беру ұйымының жылдық жоспарына сәйкестігін, сондай-ақ педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттырудағы маңызын ерекше атап өтті. Екінші педагогикалық кеңестің негізгі тақырыбы ретінде ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру сапасын жақсарту және педагог-ассистенттердің әдістемелік шеберлігін жетілдіру мәселелері ұсынылатындығын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша психологі А.Карина балабақшадағы инклюзивті білім беру – ерекше білім беруге қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесіне тең жағдайда кіріктіруді көздейтін маңызды бағыт екендігін айтып өтті. Сонымен қатар инклюзияның басты мақсаты – әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, оның дамуына қолайлы орта қалыптастыру, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету және құрдастарымен бірдей білім алуға мүмкіндік беру екендігіне тоқталды. ЕББҚ бар балалардың қатарына сөйлеу, есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, зияттық дамуында ауытқуы бар немесе эмоционалды-ерік саласында қиындықтары бар балалар жатады. Мұндай балаларға арнайы педагогтардың – логопед, дефектолог, психолог және тәрбиешілердің бірлескен қолдауы қажет екендігін айтты. Сондай-ақ ерекше балалармен жұмыс жасағанда қандай тренингтер қолданатындығын айтып, олардың біреуін педагогтерге көрсетті. Тренингтің мақсатын педагогтерге айқындап түсіндірді.

Балабақша психологі С.Слямова «Біз-біргеміз, берік-іргеміз» атты тренинг өткізді. Тренинг барысында қатысушылар бірліктің маңызы, командада жұмыс істеу дағдылары және өзара қолдау көрсету туралы және топтық тапсырмалар, рөлдік ойындар және пікір алмасу арқылы қатысушылар ынтымақтастық пен сенімділікті нығайту жолдарын тәжірибеде көрді. Тренингтің мақсаты – командалық рухты көтеру, қатысушылар арасындағы өзара түсіністікті арттыру және бірлікте жұмыс істей білу қабілетін дамыту болды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша балабақша логопеді Э. Аринова ЕБҚ бар балалардың танымдық дамуындағы негізгі қиындықтарға тоқталды: зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтау көлемінің шектеулілігі, қабылдау мен ойлаудың баяу қалыптасуы, тапсырмаларды жоспарлау мен аяқтаудағы қиындықтар.

Осы мәселелерді түзетуге арналған тиімді әдістер ретінде төмендегі бағыттарды ұсынды:

1. Нейропсихологиялық тәсілдер
 - Көру-кеңістіктік функцияларды дамытуға арналған жаттығулар;
 - Екі жарты шар жұмысының үйлесуін жақсартатын қозғалыс ойындары;
 - Сенсомоторлық интеграция элементтері.
2. Когнитивтік дамытушы бағдарламалар
 - Жұмыс жады мен зейінді арттыратын жаттығулар;

- Классификация, салыстыру, талдау дағдыларын дамытатын тапсырмалар;
- «Жұптарын тап», «Артық затты тап», «Сюжетті суреттерді реттеу» әдістері.

3. Ойын арқылы оқыту

- Танымдық ойындар, рөлдік модельдеу, зерттеушілік ойындар;
- Құрылымдалған ойын ортасы арқылы зейінді шоғырландыру.

4. Цифрлық құралдарды қолдану

- Арнайы қосымшалар (зейін, жады, логика дамытуға арналған);
- Интерактивті жаттығулар.

Сонымен қатар Э. Аринова ЕБҚ бар балалардың танымдық дамуын түзетуде жүйелілік, жеке тәсіл, мотивациялық қолдау және визуалды құрылымдаудың маңызын атап өтті.

“Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен дұрыс қарым-қатынас құру мәдениеті, ортаға бейімделу және әлеуметтендіру” тақырыбында К.Тасболатова сөз алды. Ол ерекше қажеттілігі бар балалармен қарым-қатынас жасаудың негізгі мәдени нормаларын түсіндірді. Қарым-қатынас этикасынан бастап балалармен жұмыс жүргізіліп жатқандықын айтып өтті. Мысалы:

- *Баланы тұлға ретінде қабылдау, құрмет көрсету;*
- *Жұмсақ, анық, қысқа нұсқаулықтар беру;*
- *Вербалды емес қолдау (ым-ишара, эмоциялық жылы шырайлылық).*

Баланың балабақшаға бейімделу үдерісі жайына да қысқаша тоқталды.

- Баланың мектепке/балабақшаға алғашқы келу кезеңіндегі стресс факторлары;
- Қоршаған ортаны бірізді, болжамды ету;
- Таныстыру турлары, әлеуметтік оқиғалар скрипттері.
- Тең-құрбылармен қарым-қатынасты дамыту;
- Бірлескен ойындар, топтық тапсырмалар;
- Педагогтың медиациясы және қолдау көрсетуі.

ЕБҚ бар балалардың әлеуметтенуі көбіне педагог пен құрдастардың қолдауына байланысты. Қарым-қатынас мәдениеті-инклюзивті ортаның ең негізгі элементі екені атап өтілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақшаның педагог-ассистенттері А. Магзумова, А.Жикеева өз ойларын ортаға салды. Олар жеке білім беру жоспары, диагностика, АВА терапиясы жайлы өз ойларын және балалармен қалай жұмыс жасап жатқандықтарын айтып өтті.

А.Магзумова ЖБЖ құрудың кезеңдерін ұсынды:

- Бастапқы диагностика;
- Балаға бейімделген қарқыны бар оқу бағдарламасы;
- Мониторинг және нәтижені бағалау.

Диагностика

- Мінез-құлық талдауы;
- Біліктілік деңгейін бағалау (академиялық, тұрмыстық, коммуникативтік);

- Түзету бағыттарын анықтау.
- А. Жикеева АВА сабақтарының түрлерін таныстырды:
- *Discrete Trial Training (DTT)* — құрылымдалған оқыту;
 - *Natural Environment Teaching (NET)* — табиғи ортада оқыту;
 - Тірек сигналдарын беру және біртіндеп азайту;
 - Мотивациялық күшейткіштерді дұрыс таңдау.
- Балабақша педагог-ассистенттері қорытындылай келе ЖБЖ дұрыс құрылған жағдайда баланың жетістігі айтарлықтай артады. АВА элементтерін жүйелі қолдану мінез-құлық пен дағды қалыптастыруда өте тиімді екені атап өтті.

«Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды көрнекілік арқылы оқыту: визуалды кесте, PECS карточкалары, чек-лист, жетон» тақырыбында педагог-ассистенттер С. Кенжеева, А. Балабаева, А.Сабыр өз жұмыстарының нәтижелерімен бөлісті.

С.Кенжеева визуалды кестенің балаға: күн тәртібін түсінуге, мінез-құлықты реттеуге, тапсырмаларды реттілікпен орындауға көмектесетінін айтты.

Алгоритмдік карталар, күн жоспары, «біріншісі-кейін» тақталары таныстырылды.

Балабаева А.А. PECS коммуникациялық жүйесінің 6 кезеңін түсіндірді:

- 1-кезең: затты айырбастау;
- 2-кезең: қашықтық пен тұрақтылық;
- 3-кезең: сәйкестендіру;
- 4-кезең: сөйлем жолақшасы;
- 5-кезең: сұрақтарға жауап;
- 6-кезең: еркін сөйлеу.

Карточкаларды қолданудың практикалық мысалдары ұсынылды.

Сабыр А.Т. мінез-құлықты басқару құралдары ретінде: күнделікті дағдыларға арналған чек-лист; жақсы әрекеттерді ынталандыратын жетон тақтасы; марапат жүйесін бірізді енгізудің маңызын түсіндірді.

Педагог ассистенттер бірауыздан визуалды қолдау-ЕБҚ бар балалар үшін ең тиімді оқыту құралдарының бірі екендігін қолдады. Ол түсінікті орта құрады, мінез-құлықты реттейді және коммуникацияны дамытуға мүмкіндік беретіндігін баса айтты.

№2 Педагогикалық кеңес шешімі

1. Тренингтер өткізу, командалық ынтымақтастық пен өзара қолдауды дамыту. Тәрбиешілерге инклюзивті білім беру, ерекше балалардың мінез-құлқын түсіну, коммуникация тәсілдері және эмоционалды қолдау көрсету бойынша арнайы курстардан өткізу. Педагогтар арасында бірлескен жаттығулар, жағдайлық тапсырмалар, топтық ойындар мен тәжірибе алмасу сессияларын жүргізу. Психологтар мен дефектологтарды шақырып, тәрбиешілерге практикалық құралдар

- (қолдау картасы, жеке даму жоспары, мінез-құлықты реттеу әдістері) үйрету.
2. Балабақша педагогтары: Инклюзивті білім беру қағидаларын сақтау, ЕББҚ балаларға қолдау көрсету жұмыстарын жүйелі жүргізу, барлық топтарда инклюзияны дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды орындау.
 3. Педагогтер танымдық процестерді (зейін, есте сақтау, қабылдау, ойлау) дамытуға арналған тиімді әдістерді оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізісін; Сенсорлық интеграция, ойын терапиясы, когнитивтік жаттығуларды әр баланың жеке ерекшелігіне қарай қолдану тапсырылсын.
 4. Педагогтер мен ассистенттерге этикалық қарым-қатынас нормаларын сақтау, сөйлеу мәдениетін жетілдіру және қолдау көрсету стратегияларын пайдалану жүктелсін;
Балалардың ортаға бейімделуі үшін инклюзивті ойындар, бірлескен іс-шаралар, әлеуметтік дағдыларды дамыту сабақтары ұйымдастырылсын.
 5. Әр ЕБҚ бар балаға диагностикалық нәтижелерге сүйенген жеке білім беру жоспары әзірленсін;
АВА әдісінің (қолданбалы мінез-құлық талдауы) элементтерін күнделікті сабақта қолдану міндеттелсін;
Баланың даму динамикасы ай сайын мониторинг арқылы бағалансын.
 6. Барлық сыныптарда визуалды кестелер, күн тәртібі, тапсырма реттілігі орналастырылсын; PECS карточкаларын коммуникация дағдыларын қалыптастыруда жүйелі қолдану қамтамасыз етілсін, мінез-құлықты реттеу үшін жетондық күшейту жүйесі енгізілсін, чек-листтер арқылы баланың өзін-өзі бақылау және тапсырмаларды бекіту дағдылары қалыптастырылсын.

Өткізілген тақырыптар аясында берілген ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаулар оқу-тәрбие үдерісіне енгізілсін, педагогтер өз тәжірибесінде тұрақты қолдансын. Жауапты мамандар ай сайын нәтиже туралы қорытынды ұсынып отырсын.

Жоғарыдағы педагогикалық шешімнің орындалуы балабақша әдіскері Ж.Жаркенова мен КПИ мамандары және педагог-психологтар жауапты деп танылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Г.Б.Мырзагулова
К.М. Тасболатова